

«Ангиохирургия (рентгендік-эндоваскулярлық хирургия) (ересектер, балалар)» кәсіби стандарты

1. Жалпы ережелер

1. «Ангиохирургия (рентгендік хирургия, интервенциялық хирургия) (ересектер, балалар)» кәсіби стандарты:

- өзінің кәсіптік қызметін таңдауды жүзеге асыратын медициналық институттардың талапкерлеріне;

- одан әрі кәсіптік даму бағдары ретінде «Ангиохирургия (рентгендік хирургия, интервенциялық хирургия) (ересектер, балалар)» мамандығы бойынша денсаулық сақтау жүйесінің қызметкерлеріне;

- білім беру бағдарламаларын жетілдіруге арналған бағдар ретінде медициналық білім беру саласының қызметкерлеріне;

- денсаулық сақтау ұйымдарының кадрлық қызметтеріне;

- ангиохирургиялық қызметтің, денсаулық сақтау ұйымдарының және ҚР Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрлігінің адам ресурстарды басқаруын жетілдіруге;

- жекелеген ұйымдардағы сияқты жалпы салада ұтымды кадрлық саясатты жүзеге асыруға және адами ресурстарды дамытуды жоспарлауға арналған.

- біліктілік – қызметкердің нақты еңбек функцияларын сапалы орындауға дайындық дәрежесі;

- біліктілік деңгейі – қиындық параметрлері, еңбек іс-қимылының стандартты еместігімен, жауапкершілікпен және дербестікпен сараланатын қызметкердің даярлығы мен құзырет деңгейіне қойылатын талаптар жиынтығы;

ұлттық біліктілік шеңбері (ҰБШ) – еңбек нарығында танылған біліктілік деңгейлерінің құрылымдық сипаты;

ұлттық біліктілік жүйесі (ҰБЖ) – еңбек нарығы тарапынан мамандықтар біліктілігіне қойылатын сұраныстар мен ұсыныстарды құқықтық және институционалдық реттеу тетіктерінің жиынтығы;

салалық біліктілік шеңбері (СБШ) – салада танылған біліктілік деңгейлерінің құрылымдық сипаты;

кәсіптік топ – жалпы ықпалдастырылған негізі бар (ұқсас немесе жақын мақсаттар, объектілер, технологиялар, оның ішінде еңбек құралы) және оларды орындауға арналған еңбек функциялары мен құзыретінің ұқсас жиынтығын болжайтын кәсіптік кіші топтар жиынтығы;

кәсіби стандарт (КС) – кәсіптік қызметтің нақты саласында біліктілік деңгейіне, құзыретке, мазмұнына, сапасына және еңбек жағдайына қойылатын талаптарды айқындайтын стандарт;

кәсіп – арнайы даярлық нәтижесінде алынған және білім беру туралы тиісті құжаттармен расталатын белгілік бір білімді, білікті және практикалық дағдыны талап ететін адамның еңбек қызметінің негізгі түрі;

еңбек функциясы – еңбек процесінің бір немесе бірнеше міндеттерін шешуге бағытталған іс-қимылдардың өзара байланысының жинағы;

білім – еңбек функцияларын орындау кезінде белгілі бір міндеттерді шешуге мүмкіндік беретін тексерілген ақпарат жиынтығын игеру;

аурулардың халықаралық жіктемесі 10-қайта қарау (АХЖ-10) – бұл Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымдарына мүше елдердегі халықтың денсаулығын зерделеу кезіндегі 10-қайта қараудың негізгі нормативтік құжаты болып табылатын медициналық ғылымды дамытудың заманауи кезеңін бейнелейтін аурулар мен патологиялық жағдайлар тобының жүйесі;

дағды – бірнеше қайтара қайталау жолымен автоматтандыруға дейін жеткізілген іс-қимыл;

нормативтік құқықтық акт – референдумда қабылданған не уәкілетті орган немесе мемлекеттің лауазымды адамы қабылдаған, құқықтық нормаларды белгілейтін, олардың қолданылуын өзгертетін, тоқтататын немесе тоқтата тұратын белгіленген нысандағы жазбаша ресми құжат, сондай-ақ жазбаша ресми құжатпен бірдей және электрондық цифрлық қолтаңба арқылы куәландырылған электрондық-цифрлық нысандағы құжат;

іскерлік – алынған білімнің жиынтығымен қамтамасыз етілетін және жаттығулар арқылы қалыптастырылған іс-қимылдарды орындаудың игерілген тәсілі;

бейнді маман – белгілі бір мамандық бойынша сертификаты бар жоғары медициналық білімді медицина қызметкері;

денсаулық - аурулар мен дене кемістіктерінің болмауы ғана емес, тұтастай тәни, рухани (психикалық) және әлеуметтік салауаттылық жағдайы;

денсаулық сақтау ұйымы – денсаулық сақтау саласында қызметті жүзеге асыратын заңды тұлға;

инновациялық медициналық технологиялар - медицина (биомедицина) саласына, фармацияға және денсаулық сақтау саласындағы ақпараттандыруға енгізілуі экономикалық тұрғыдан тиімді және (немесе) әлеуметтік мәні бар болып табылатын ғылыми және ғылыми-техникалық қызметтің әдістері мен құралдарының жиынтығы;

медицина қызметкерлері – кәсіптік медициналық білімі бар және медициналық қызметті жүзеге асыратын жеке тұлғалар;

медициналық көмек – халықтың денсаулығын сақтауға және қалпына келтіруге бағытталған медициналық қызметтер көрсетудің дәрілік көмекті қамтитын жиынтығы;

медициналық көмектің сапасы - көрсетілетін медициналық көмектің уәкілетті орган бекіткен және медициналық ғылым мен технологияның

қазіргі заманғы даму деңгейі негізінде белгіленген стандарттарға сәйкестік деңгейі;

денсаулық сақтау саласындағы медициналық сараптама (денсаулық сақтау саласындағы сараптама) - денсаулық сақтау қызметінің әртүрлі аяларындағы құралдардың, әдістердің, технологиялардың, көрсетілетін қызметтердің деңгейі мен сапасын анықтауға бағытталған ұйымдастырушылық, талдамалық және практикалық іс-шаралардың жиынтығы;

денсаулық сақтау саласындағы стандарт (стандарт) - медициналық, фармацевтикалық қызмет, медициналық және фармацевтикалық білім беру саласындағы қағидаларды, жалпы қағидағтар мен сипаттамаларды белгілейтін нормативтік құқықтық акт;

медициналық қызмет – жоғары немесе орта кәсіптік медициналық білім алған жеке тұлғалардың, сондай-ақ заңды тұлғалардың азаматтардың денсаулығын сақтауға бағытталған кәсіптік қызметі;

медициналық қызметтер көрсету - денсаулық сақтау субъектілерінің нақты адамға қатысты профилактикалық, диагностикалық, емдеу немесе оңалту бағыты бар іс-қимылы;

медициналық ұйым – негізгі қызметі медициналық көмек көрсету болып табылатын денсаулық сақтау ұйымы;

пациент – медициналық қызметтерді тұтынушы болып табылатын жеке тұлға;

диагностика – аурудың болуы немесе болмауы фактісін белгілеуге бағытталған медициналық қызметтердің жиынтығы;

динамикалық байқау - халық денсаулығының жай-күйін жүйелі түрде байқау, сондай-ақ осы байқаудың нәтижелері бойынша қажетті медициналық көмек көрсету;

донор – диагностика – аурудың бар болуы және болмауы фактісін белгілеуге бағытталған медициналық қызметтердің кешені;

емдеу - ауруды жоюға, оның бетін қайтаруға және (немесе) барысын жеңілдетуге, сондай-ақ оның асқынуының алдын алуға бағытталған медициналық қызметтер көрсету кешені;

консилиум - кемінде үш дәрігердің қатысуымен диагноз қою, емдеу тактикасын айқындау және ауруды болжау мақсатында адамды зерттеу;

инвазиялық әдістер - адам организмнің ішкі ортасына ену жолымен жүзеге асырылатын диагностикалау мен емдеу әдістері;

клиникаға дейінгі (клиникалық емес) зерттеу - адамның денсаулығына ерекше әсер етуін және (немесе) қауіпсіздігін зерделеу мақсатында сыналатын затты немесе физикалық әсерді, аурулар профилактикасының, оларды диагностикалау мен емдеудің құралдарын, әдістері мен технологияларын зерделеу жөніндегі химиялық, физикалық, биологиялық, микробиологиялық, фармакологиялық, токсикологиялық және басқа да эксперименттік ғылыми зерттеулер немесе зерттеулер сериясы;

клиникалық зерттеу - субъект ретінде адамды қатыстыра отырып, аурулардың профилактикасы, оларды диагностикалау мен емдеу құралдарының, әдістері мен технологияларының қауіпсіздігі мен тиімділігін анықтау немесе растау үшін жүргізілетін зерттеу;

профилактика - аурулардың пайда болуының, олардың ерте сатыда өршуінің алдын алуға және орын алған асқынуларды, ағзалар мен тіндердің бүлінулерін бақылауға бағытталған медициналық және медициналық емес іс-шаралар кешені;

медициналық оңалту - науқастар мен мүгедектер организмнің бұзылған және (немесе) жоғалтқан функцияларын сақтауға, ішінара немесе толық қалпына келтіруге бағытталған медициналық қызметтер көрсету кешені;

реципиент - донорлық қан немесе одан бөлінген компоненттер және (немесе) препараттар құйылатын, еркектің немесе әйелдің донорлық материалы (шәует немесе аналық жасуша) енгізілетін не донордан алынған тіндерді және (немесе) ағзаны (ағзаның бөліктерін) транспланттау жасалатын пациент;

тәуелсіз сарапшы - денсаулық сақтау субъектілерінің қызметіне тәуелсіз сараптама жүргізу үшін белгіленген тәртіппен аккредиттелген жеке тұлға.

Осы кәсіби стандартта мынадай қысқартулар қолданылады:

БА – басшылардың, мамандардың және басқа да қызметкерлердің біліктілік анықтамалығы;

АХЖ – 10-шы қайта қараудағы аурулардың халықаралық жіктемесі;

НҚА – Нормативтік құқықтық акт;

ЖОО – Жоғары оқу орындары;

БАҚ – Бұқаралық ақпарат құралдары

2. Кәсіби стандарттың төлқұжаты

1. Кәсіби стандарттың атауы: Ангиохирургия (рентгендік хирургия, интервенциялық хирургия) (ересектер, балалар).

2. Кәсіби стандартты әзірлеу мақсаты: «Ангиохирургия (рентгендік хирургия, интервенциялық хирургия) (ересектер, балалар)» кәсіптік кіші тобын қызметкерлерінің біліміне, іскерлігіне, дағдыларына және құзыреттеріне қойылатын талаптарға сәйкес келетін еңбек функцияларының, оларды іске асыру бойынша міндеттердің жүйелі және құрылымдық сипаты.

3. Кәсіби стандарттың қысқаша сипаттамасы: қан тамырларының аурулары бар пациенттерді диагностикалау, емдеу, профилактикалау және оңалту; ангиохирургиядағы медициналық көрсетілетін қызметтердің көлемі мен сапасының сараптама жасау; ангиохирургиялық бейіндегі зерттеулер мен мамандарды даярлау. Мамандар біліктілігі деңгейінің өсуімен әрбір келесі деңгей алдыңғы деңгейдің функцияларының орындалуын және оларды жаңа құзыреттерге сәйкес кеңейтуді көздейді.

4. Негізгі топ: дәрігерлік қызмет.

Кәсіби топ: дәрігерлер.

Кәсіптер карточкалары

5. Кәсіптер тізбесі:

Ангиохирург дәрігер (рентгендік хирургия, интервенциялық хирург) (ересектер, балалар) – СБШ бойынша біліктілік деңгейі – 7.1.В, 7.2.В, 7.3.В, 7.3.А, 7.4.В, 7.4.А.;

«Ангиохирургия (рентгендік хирургия, интервенциялық хирургия) (ересектер, балалар)» мамандығы бойынша сарапшы дәрігер – СБШ бойынша біліктілік деңгейі 7.3.В, 7.3.А, 7.4.В, 7.4.А, 8;

«Ангиохирургия (рентгендік хирургия, интервенциялық хирургия) (ересектер, балалар)» мамандығы бойынша оқытушы – СБШ бойынша біліктілік деңгейі - 7.2.В, 7.3.В, 7.3.А, 7.4.В, 7.4.А, 8;

«Ангиохирургия (рентгендік хирургия, интервенциялық хирургия) (ересектер, балалар)» мамандығы бойынша ғылыми қызметкер– СБШ бойынша біліктілік деңгейі - 7.2.В, 7.3.(А,В), 7.4.(А,В), 8.

Кәсіптер карточкалары осы Кәсіби стандартқа қосымшада келтірілген.

«Ангиохирургия (рентгендік хирургия,
интервенциялық хирургия)
(ересектер, балалар)»
кәсіби стандартына
қосымша

| «Ангиохирург дәрігер (рентгендік хирургия, интервенциялық хирургия) (ересектер, балалар)» кәсіби карточкасы | |
|---|--|
| Код: | 2221 |
| Кәсібі | Ангиохирург дәрігер (рентгендік хирургия, интервенциялық хирург) (ересектер, балалар) |
| СБШ бойынша біліктілік деңгейі | 7.1.В. |
| БА бойынша біліктілік деңгейі | - |
| Кәсіптік білім деңгейі | <p>ҚР медициналық ЖОО-ны 2009 жылға дейін аяқтаған кезде:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. «Емдеу ісі» немесе «Педиатрия» мамандығы бойынша жоғары медициналық білім. 2. Хирургиялық мамандық бойынша интернатура. 3. «Ангиохирургия (рентгендік хирургия, интервенциялық хирургия) (ересектер, балалар)» мамандығы бойынша қайта даярлықтан өту немесе клиникалық ординатура. <p>ҚР медициналық ЖОО-ны 2009 жылдан кейін аяқтаған кезде:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. «Жалпы медицина» арнайы жоғары білім. 2. Хирургиялық мамандық бойынша интернатура. 3. «Ангиохирургия, оның ішінде балалар ангиохирургиясы» мамандығы бойынша резидентура. <p>Практика 5 жылдан астам болмаған кезде «Ангиохирургия (рентгендік хирургия, интервенциялық хирургия) (ересектер, балалар)» мамандығы бойынша қайта даярлықтан өту.</p> <p>Мамандық бойынша тәжірибе талап етілмейді.</p> |
| Еңбек функциялары | <ol style="list-style-type: none"> 1) Қан тамырларының патологиясы бар, қан тамырларының диагностикаланған аурулары бар және ангиохирургта диспансерлік есепте тұрған пациенттерді амбулаториялық қабылдау. 2) Қан тамырларының патологиясы бар пациентті медициналық ұйымдардың тиісті бөлімшелеріне емдеуге жатқызу. 3) Қан тамырларының патологиясы бар пациентті қадағалап қарау. 4) Пациенттің және оның өкілдерінің қан тамырларының патологиялық жағдайы бойынша хабардар болуы. |
| 1 еңбек функциясы Қан тамырларының патологиясы бар, қан тамырларының диагностикаланған аурулары бар және ангиохирургта | <p>Іскерлігі мен дағдылары:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. Қан тамырларының патологиясына күдігі бар пациентті бастапқы тексеріп-қарауды жүргізу дағдылары. 2. Қан тамырларының патологиясына күдігі бар пациентке негізделген диагностикалық зерттеуді тағайындай білу дағдылары. 3. Қан тамырларының патологиясына күдігі болған кезде пациентке диагностикалық зерттеулердің нәтижелерін дұрыс |

| | |
|--|--|
| <p>диспансерлік есепте тұрған пациенттерді амбулаториялық қабылдау</p> | <p>түсіндіру іскерлігі.</p> <p>4. Қан тамырларының патологиясы анықтау кезінде АХЖ10 сәйкес диагнозды дұрыс қоя білу дағдылары.</p> <p>5. Тамыр жүйесінде патологиялық процесс анықталған жағдайда оның функционалдық жетіспеушілік деңгейін бағалау дағдылары.</p> <p>6. Қан тамырлары ауруларының асқынуын уақтылы анықтау іскерлігі.</p> <p>7. Қан тамырларының патологиясымен пациентке амбулаториялық ем тағайындау дағдылары.</p> <p>8. Қан тамырларының созылмалы патологиясымен науқастарды диспансерлеу дағдылары.</p> <p>9. Қан тамырларының патологиясы бар пациентті емдеуге жатқызуға көрсетілімдерді анықтай білу іскерлігі.</p> <p>10. Қан тамырларының патологиясы бар пациентті жоспарлы емдеуге жатқызу үшін құжаттарды рәсімдеу дағдылары.</p> <p>11. Емдеуге жатқызу порталын, Науқастар тіркелімін толтыру дағдылары.</p> <p>12. Амбулаториялық қабылдау бойынша жылдық есептілікті құра білу дағдылары.</p> <p>13. Еңбекке қабілеттілікті уақытша және тұрақты жоғалтудың медициналық сараптамасын өткізу және медициналық құжаттаманы рәсімдеу дағдылары.</p> <p>14. Медициналық-әлеуметтік пациентті жолдау және медициналық құжаттаманы рәсімдеу дағдылары.</p> <p>15. Қан тамырларының патологиясы бар пациенттер үшін дәрілік заттарға қажеттіліктің жылдық көлемін қалыптастыру дағдылары.</p> <p>16. Операциядан кейінгі кезеңде тәуекелдер мен алдағы асқынуларды дұрыс және уақтылы анықтай білу іскерлігі, сондай-ақ пациентті және оның заңды өкілдерін хабардар ету іскерлігі.</p> <p>17. Мүдделі тараптарды ауыр жағдайдағы, диагностикасы белгісіз пациентті, қан тамырларының сирек кездесетін патологиялық жағдайын анықтау жағдайлары туралы уақтылы хабардар ету іскерлігі.</p> <p>18. Уақтылы анықтау және анықталған инфекциялық аурулар туралы (шұғыл хабарлама, кешіктіріп емдеуге жатқызу) денсаулық сақтау саласындағы бейінді маманға және уәкілетті органға ақпаратты ұсыну іскерлігі.</p> |
|--|--|

| | |
|--|--|
| | <p>Білімі:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. «Ангиохирургия (рентгендік хирургия, интервенциялық хирургия) (ересектер, балалар)» мамандығы шеңберіндегі НҚА талаптарын, әдістемелік ұсынымдар мен әдістемелік нұсқаулықтарды, клиникалық хаттамалар стандарттарын (клиникалық басшылықтарды). 2. Науқас туралы мәліметтер жинаудың реттілігі мен көлемі. 3. Науқастың психологиясы. 4. Медициналық этика мен деонтология ерекшеліктері. 5. Қалыпты, топографиялық және патологиялық анатомия, қалыпты және патологиялық физиология, биохимия. 6. Тамыр жүйесінің құрылымы мен функциялары, бағалау әдістемесі, клиникалық маңызы. 7. Ішкі аурулар пропедевтикалары. 8. Ангиохирургиядағы пациентті зерттеп-қарау әдістері. 9. Қан тамырларының бұзылуына тән негізгі симптомдар мен синдромдар. 10. Қан тамырлары ауруларының этиологиясы, патогенезі, жіктемесі, клиникалық белгілері, диагностика және емдеу принциптері. 11. Инфекциялық аурулардың, ауруханаішілік инфекцияның клиникалық белгілері. 12. Инфекциялық аурулардың, ауруханаішілік инфекция анықталған кезде НҚА талаптарына сәйкес әрекет ету, шұғыл хабарлама беру алгоритмі. 13. Жүкті әйелдерді диагностикалау және емдеу хаттамалары. 14. Емдеуге жатқызу бюросы порталы. 15. Науқастар тіркелімі 16. Еңбекке қабілеттілікті уақытша және тұрақты жоғалту белгілері (патологиялық жағдайлардың тізбесі). 17. Медициналық сараптама өткізу тәртібі. 18. Медициналық сараптама өткізу кезінде медициналық құжаттаманы ресімдеу тәртібі. |
| <p>2 еңбек функциясы</p> <p>Қан тамырларының патологиясы бар пациентті медициналық ұйымдардың тиісті бөлімшелеріне емдеуге жатқызу</p> | <p>Іскерлігі мен дағдылары:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. Стационардың бейінді бөлімшелеріне шұғыл емдеуге жатқызуға көрсетілімдерді бағалау дағдылары. 2. Стационардың бейінді бөлімшелеріне жоспарлы емдеуге жатқызуға көрсетілімдерді бағалау дағдылары. 3. Қан тамырларының патологиясы бар пациентті күндізгі стационарға жоспарлы емдеуге жатқызуды жүзеге асыру дағдылары. 4. Қан тамырларының патологиясы бар пациентті тәулік бойы стационарға жоспарлы емдеуге жатқызуды жүзеге асыру дағдылары. 5. Қан тамырларының патологиясы бар пациентті бейінді стационарға шұғыл емдеуге жатқызуды жүзеге асыру дағдылары. 6. Пациентке шұғыл білікті медициналық көмек көрсету дағдылары. 7. Қан тамырларының патологиясы бар пациентті стационардың реанимация және қарқынды терапия бөлімшесіне шұғыл емдеуге |

| | |
|--|---|
| | <p>жатқызуға көрсетілімдерін бағалау дағдылары.</p> <p>Білімі:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. «Ангиохирургия (рентгендік хирургия, интервенциялық хирургия) (ересектер, балалар) мамандығының клиникалық хаттамалары стандарттарын (клиникалық басшылықтарды), әдістемелік ұсынымдар мен әдістемелік нұсқауларды, НҚА талаптарын. 2. Емдеуге жатқызу бюро порталымен жұмыс істеу қағидасы. 3. Қан тамырларының патологиясы бар пациентті күндізгі стационарға жоспарлы емдеуге жатқызу көрсетілімдері. 4. Қан тамырларының патологиясы бар пациентті тәулік бойы стационарға жоспарлы емдеуге жатқызуға көрсеткіштер. 5. Қан тамырларының патологиясы бар пациентті шұғыл стационарға жоспарлы емдеуге жатқызу көрсетілімдері. 6. Шұғыл медициналық көмекті талап ететін патологиялық жағдайлар. 7. Алғашқы медициналық көмекті көрсету қағидалары. 8. Шұғыл білікті медициналық көмекті талап ететін патологиялық жағдайлар. 9. Кезек күттірмейтін білікті көмек көрсету қағидалары. 10. Шұғыл мамандандырылған ангиохирургиялық көмекті талап ететін патологиялық жағдайлар. 11. Кезек күттірмейтін мамандандырылған ангиохирургиялық көмек көрсету қағидалары. 12. Қан тамырларының патологиясы бар пациентті стационардың реанимация және қарқынды терапия бөлімшесіне шұғыл емдеуге жатқызуға көрсетілімдер. |
| <p>3 еңбек функциясы</p> <p>Қан тамырларының патологиясы бар пациентті қадағалап қарау</p> | <p>Іскерлігі мен дағдылары:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. Тексерудің физикалық әдістерін қолдана отырып, қан тамырларының патологиясы бар пациентті бастапқы тексеріп-қарауды жүргізу дағдылары. 2. Ангиохирургиядағы диагностикалау дағдылары. 3. Тамыр патологиясын емдеу үшін хирургиялық араласудың оңтайлы әдісін анықтау дағдылары. 4. Тамыр патологиясы бар пациенттерді медикаментоздық және хирургиялық емдеуді жүргізу дағдылары. 5. «Ангиохирургия (рентгендік хирургия, интервенциялық хирургия) (ересектер, балалар)» мамандығы шеңберінде пациенттерді операциядан кейін күн сайынғы қадағалап-емдеу дағдылары. 6. Бөлімшеде өзі жетекшілік ететін науқастарды күн сайынғы тексеріп-қарау өткізу дағдылары. 7. Жүргізілген емдеу-диагностикалық әсер ету тиімділігін бағалай білу іскерлігі. 8. Науқастардың клиникалық-зертханалық көрсетілімдерін динамикалық бақылау және емдік іс-шараларын жедел түзету дағдылары. 9. Қан тамырлар ауруларының өтуін болжай білу іскерлігі. 10. Қан тамырлар ауруларының асқынуының профилактикасын іске асыра білу іскерлігі. 11. Медициналық құжаттаманы, соның ішінде электрондық |

| | |
|--|---|
| | <p>құжаттаманы ресімдеу және жүргізу дағдылары.</p> <p>12. Стационар пациентті шығару үзіндісін жүргізу және ресімдеу дағдылары.</p> <p>13. Уақтылы анықтау және анықталған инфекциялық аурулар туралы (шұғыл хабарлама, кешіктіріп емдеуге жатқызу, ауруханаішілік инфекция, диагнозды өзгерту) денсаулық сақтау саласындағы бейінді маманға және уәкілетті органға ақпаратты ұсыну іскерлігі.</p> <p>14. Уақытша еңбекке жарамсыздық медициналық сараптамасын өткізу және медициналық құжаттаманы ресімдеу дағдылары.</p> <p>15. Пациентті медициналық-әлеуметтік комиссияға жолдау және медициналық құжаттаманы ресімдеу дағдылары.</p> |
| | <p>Білімі:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. НҚА талаптарын, ангиохирургия бойынша әдістемелік ұсынымдар мен әдістемелік нұсқауларды, клиникалық хаттамалар стандарттарын (клиникалық басшылықтарды). 2. «Ангиохирургия (рентгендік хирургия, интервенциялық хирургия) (ересектер, балалар) мамандығы шеңберінде әртүрлі патологиялық жағдайлар кезіндегі негізгі шағымдар мен оларға тән ерекшеліктері. 3. Қан тамырларының аурулары кезінде анықталатын негізгі анамнез белгілері. 4. Бастан өткерген аурулардың жүрек-тамыр патологиясының өтуіне ықпалы және емделмеген жағдайдағы олардың салдарлары. 5. Қалыпты, топографиялық және патологиялық анатомия, қалыпты және патологиялық физиология, биохимия. 6. Ішкі аурулар пропедевтикасы. 7. Қан тамырлар ауруларының этиологиясы, патогенезі, жіктемесі, клиникалық белгілері, «Ангиохирургия (рентгендік хирургия, интервенциялық хирургия) (ересектер, балалар) мамандығы шеңберіндегі диагностикасы және хирургиялық емдеу принциптері. 8. Қанның, несептің, сілекейдің, асқазан сөлінің, өттің, қақырықтың, экссудат, трансудат, асқазан сөлін фракциялық зерттеу, нормада және патологияда копрологиялық зерттеудің зертханалық көрсеткіштері. 9. Мамандандырылған медициналық көмек шеңберінде ангиохирургиядағы емдеудің негіздері мен принциптері. 10. Мамандандырылған медициналық көмек шеңберінде емдеудің негізгі әдістерін жүргізу техникасы. 11. «Ангиохирургия (рентгендік хирургия, интервенциялық хирургия) (ересектер, балалар) мамандығы бойынша мамандандырылған медициналық көмек шеңберінде жүргізілетін емдік емшаралардың техникалық сипаттағы асқынуы және олармен күресу принциптері. 12. «Ангиохирургия (рентгендік хирургия, интервенциялық хирургия) (ересектер, балалар) мамандығы бойынша мамандандырылған медициналық көмек шеңберінде жүргізілген емдік іс-шаралардан кейін пациенттердің ұзақ мерзімдік мониторингі. |

| | |
|--|--|
| | <p>13. Инфекциялық аурулардың, ауруханаішілік инфекциялардың клиникалық белгілері.</p> <p>14. Инфекциялық аурулардың, ауруханаішілік инфекция анықталған кезде НҚА талаптарына сәйкес әрекет ету, шұғыл хабарлама беру алгоритмі.</p> <p>15. Еңбекке қабілеттілікті уақытша жоғалту белгілері (патологиялық жағдайлардың тізбесі).</p> <p>16. Медициналық сараптама өткізу тәртібі.</p> <p>17. Медициналық сараптама өткізу кезінде медициналық құжаттаманы ресімдеу тәртібі.</p> |
| <p>4 еңбек функциясы</p> <p>Пациенттің және оның өкілдерінің қан тамырларының патологиялық жай-күйі бойынша хабардар болуы</p> | <p>Іскерлігі мен дағдылары:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. Пациентке немесе оның заңды өкілдеріне қан тамырлары ауруларының мүмкін альтернативті дамуы бойынша консультация беру дағдылары. 2. Пациентке немесе оның заңды өкілдеріне профилактикалаудың, тексерудің, емдеудің әдістері мен амалдарын таңдау мүмкіндігі туралы хабарлау, сондай-ақ мүмкін тәуекелдер мен асқынуларды түсіндіру дағдылары. 3. Инвазивті және күрделі емдеу-диагностикалық емшараларын жүргізуге хабар етілген келісім алу дағдылары. 4. Пациентті немесе оның заңды өкілдерін қан тамырлары ауруларын табысты диагностикалау мен емдеу үшін қажетті қағидаларға оқыту дағдылары. 5. Дәрігерлік этика талаптарына және пациенттің құқықтарына сәйкес БАҚ-қа және интернет-ресурстарға ақпаратты беру іскерлігі. <p>Білімі:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. Тиімді қарым-қатынас қағидасы. 2. Медициналық этика және деонтология. 3. Нозологиясына және диагностика мен емдеудің әдістеріне байланысты пациенттерге мамандандырылған ұсынымдар. 4. Денсаулық сақтау саласындағы НҚА талаптары (пациенттердің және олардың заңды өкілдерінің құқығына қатысты). 5. Бұқаралық ақпарат құралдары саласындағы негізгі НҚА. 6. «Ангиохирургия (рентгендік хирургия, интервенциялық хирургия) (ересектер, балалар) мамандығы шеңберінде аурулардың этиологиясы, патогенезі, клиникалық белгілері, аурудың өтуі, аурудың кезеңі және ауру диагностикасы. 7. Бейініне сәйкес ауруларды емдеу әдістері. |
| <p>Жеке құзыретіне қойылатын талаптар</p> | <ol style="list-style-type: none"> 1. Этика, деонтология және субординация қағидаларын сақтау дағдылары. 2. Денсаулық сақтау ұйымдарының санитариялық-гигиеналық режим нормаларын және қоршаған ортаның эпидемиологиялық қауіпсіздігін сақтау дағдылары. 3. Медициналық қызметтерді көрсету процестер құжаттамалау (соның ішінде электрондық) жүзеге асыра білу іскерлігі. 4. Ұйымдастыру, дербес бақылау және өзінің қызметін үздіксіз жетілдіру дағдылары. |
| <p>«Ангиохирург дәрігер (рентгендік хирургия, интервенциялық хирург) (ересектер,</p> | |

| балалар)» кәсібінің карточкасы | |
|---|--|
| Код | 2221 |
| Кәсібі | Ангиохirurg дәрігер (рентгендік хирургия, интервенциялық хирург) (ересектер, балалар) |
| СБШ бойынша біліктілік деңгейі | 7.2.В |
| БА бойынша біліктілік деңгейі | - |
| Кәсіптік білім деңгейі | Соңғы 5 жылда «Ангиохirurgия (рентгендік хирургия, интервенциялық хирургия) (ересектер, балалар)» бойынша кемінде 216 сағат көлемінде біліктілігін арттыру. Практика 5 жылдан астам болмаған кезде «Ангиохirurgия (рентгендік хирургия, интервенциялық хирургия) (ересектер, балалар)» мамандығы бойынша қайта даярлықтан өту. Мамандық бойынша кемінде 7.1.В деңгейінде 3 жыл жұмыс тәжірибесі, оның ішінде кемінде 2 жыл үздіксіз. |
| Еңбек функциялары | 1) Басқа мамандықтың дәрігерлеріне қан тамырларының патологиясы бойынша консультациялық қызметтерді көрсету. 2) Қан тамырларының патологиясы бар диспансерлік есептегі науқастарға және жалпы дені сау адамдарға профилактикалық және оңалту іс-шараларын ұйымдастыру. |
| 1 еңбек функциясы Басқа мамандықтың дәрігерлеріне қан тамырларының патологиясы бойынша консультациялық қызметтерді көрсету | Іскерлігі мен дағдылары: 1. «Ангиохirurgия (рентгендік хирургия, интервенциялық хирургия) (ересектер, балалар)» мамандығы шеңберінде басқа мамандықтардың дәрігерлеріне консультация бере білу дағдылары. 2. «Ангиохirurgия (рентгендік хирургия, интервенциялық хирургия) (ересектер, балалар)» мамандығы шеңберінде дәрігерге дейінгі көмек және мейіргерлік іс мамандарына консультация бере білу дағдылары. 3. Қан тамырларының созылмалы ауруларының диагностикасы және емдеу алгоритмдері бойынша МСАК дәрігерлері арасында түсіндіру жұмыстарын жүргізу дағдылары. 4. Дәрігерлік консилиумдар, клиникалық конференцияларда ұсынылатын тактикаларға презентация жасай білу дағдылары. 5. Жарияланымдарды ресімдеу дағдылары. 6. Ақпаратпен алмасу кәсіптік алаңында өзінің жеке бақылау материалдарын баяндай білу іскерлігі. Білімі: 1. Тиімді қарым-қатынас қағидалары. 2. Медициналық этика, деонтология және субординация қағидалары. 3. Қан тамырларының патологиясы бар пациенттерді хирургиялық эндоваскулярлық емдеудің негізгі әдістері. 4. Соңғы бес жылда ангиохirurgтар қоғамдастығымен танылған заманауи зерттеулердің негізгі нәтижелері. 5. Соңғы бес жылда ангиохirurgтар бірлестігінде мойындалған негізгі заманауи зерттеулердің әдістемесі. 6. Авторлық құқық саласындағы НҚА. |
| 2 еңбек функциясы | Іскерлігі мен дағдылары: 1. «Ангиохirurgия (рентгендік хирургия, интервенциялық |

| | |
|--|--|
| <p>Қан тамырларының патологиясы бар диспансерлік есептегі науқастарқа және жалпы дені сау адамдарға профилактикалық және оңалту іс-шараларын ұйымдастыру</p> | <p>хирургия) (ересектер, балалар)» мамандығы шеңберінде сырқаттанушылықты төмендетуге бағытталған жалпы санитариялық-гигиеналық іс-шараларды өткізу жөніндегі нұсқаулықты жүргізу дағдылары.</p> <p>2. Қан тамырлары ауруларының жеке профилактикасы жөніндегі нұсқаулықты өткізу дағдылары.</p> <p>3. Қан тамырлары ауруларының профилактикасын ұйымдастыра білу дағдылары.</p> <p>4. Қан тамырларының патологиясы бар науқастарды тәни оңалтуды ұйымдастыру дағдылары.</p> <p>5. Қан тамырларының патологиясы бар науқастарды психологиялық оңалтуды ұйымдастыру дағдылары.</p> <p>6. Қан тамырларының патологиясы бар науқастарды кәсіптік, әлеуметтік-экономикалық оңалтуды ұйымдастыру бойынша ұсынымдар бере білу дағдылары.</p> <p>Білімі:</p> <p>1. Қан тамырлары патологиясы бар аурулардың бастапқы профилактикасы.</p> <p>2. Қан тамырлары патологиясының екіншілік профилактикасы.</p> <p>3. Қан тамырларының патологиясы бар науқастарды кәсіптік оңалту.</p> <p>4. «Ангиохирургия (рентгендік хирургия, интервенциялық хирургия) (ересектер, балалар)» мамандығы шеңберінде профилактика және оңалту бойынша стандарттар, НҚА және басқа да регламенттейтін құжаттар.</p> <p>5. Қан тамырларының патологиясы бар науқастарды кәсіптік оңалту жөніндегі іс-шаралар.</p> <p>6. Қан тамырларының патологиясы бар науқастардың қоршаған ортада және қоғамда бейімделуі.</p> |
| <p>«Ангиохирург дәрігер (рентгендік хирургия, интервенциялық хирург) (ересектер, балалар)» кәсібінің карточкасы</p> | |
| Код | 2221 |
| Кәсібі | «Ангиохирург дәрігер (рентгендік хирургия, интервенциялық хирург) (ересектер, балалар)» |
| СБШ бойынша біліктілік деңгейі | 7.3.В |
| БА бойынша біліктілік деңгейі | - |
| Кәсіптік білім деңгейі | <p>Соңғы 5 жылда «Ангиохирургия (рентгендік хирургия, интервенциялық хирургия) (ересектер, балалар)» мамандығы бойынша кемінде 216 сағат көлемінде біліктілігін арттыру.</p> <p>Практика 5 жылдан астам болмаған кезде «Ангиохирургия (рентгендік хирургия, интервенциялық хирургия) (ересектер, балалар)» мамандығы бойынша қайта даярлықтан өту.</p> <p>Мамандық бойынша кемінде 7.2.В деңгейінде 3 жыл жұмыс тәжірибесі, оның ішінде кемінде 2 жыл үздіксіз.</p> |
| Еңбек функциялары | <p>1) Қан тамырларының аурулары кезіндегі сирек кездесетін және бәсекелесуші патологиялық жағдайларды диагностикалау.</p> <p>2) Қан тамырларының аурулары кезіндегі сирек кездесетін және бәсекелесуші патологиялық жағдайларды емдеу.</p> |
| 1-еңбек функциясы | Іскерлігі мен дағдылары: |

| | |
|---|--|
| <p>Қан тамырларының аурулары кезіндегі сирек кездесетін және бәсекелесуші патологиялық жағдайларды диагностикалау</p> | <p>1. Қан тамырларының аурулары кезіндегі сирек кездесетін және бәсекелесуші патологиялық жағдайларды диагностикалау кезінде зертханалық-диагностикалық зерттеулер нәтижелерін талдай білу дағдылары.</p> <p>2. Қан тамырларының аурулары кезіндегі сирек кездесетін және бәсекелесуші патологиялық жағдайларды диагностикалау кезінде аспаптық әдістердің нәтижелерін талдай білу дағдылары.</p> <p>3. Дәрігерлік консилиумдарды ұйымдастыра білу дағдылары.</p> <p>4. Қан тамырларының аурулары кезіндегі сирек кездесетін және бәсекелесуші патологиялық жағдайларды диагностикалау кезінде консультанттардың қорытындысынан ақпаратты синтездей білу іскерлігі.</p> <p>Білімі:</p> <p>1. Эпидемиология, этиология, патогенез, патоморфология, клиникалық картина, диагностика, қан тамырларының аурулары кезіндегі сирек кездесетін және бәсекелесуші патологиялық жағдайларына сараланған диагностика.</p> <p>2. Қан тамырларының аурулары кезіндегі сирек кездесетін және бәсекелесуші патологиялық жағдайларды диагностикалау кезінде зертханалық-диагностикалық зерттеу тағайындауға көрсетілімдер.</p> <p>3. Қан тамырларының аурулары кезіндегі сирек кездесетін және бәсекелесуші патологиялық жағдайларды диагностикалау кезінде аспаптық зерттеу әдісіне көрсетілімдер.</p> <p>4. Кеңесуші топтар мен дәрігерлік консилиумдарды ұйымдастыруды регламенттейтін стандарттар, НҚА және басқа да құжаттар.</p> <p>5. Соңғы бес жылда ангиохирурттар қауымдастығымен танылған қан тамырларының аурулары кезіндегі сирек кездесетін және бәсекелесуші патологиялық жағдайларды диагностикалауға қатысты заманауи зерттеулердің негізгі нәтижелері.</p> |
| <p>2-еңбек функциясы</p> <p>Қан тамырларының аурулары кезіндегі сирек кездесетін және бәсекелесуші патологиялық жағдайларды емдеу</p> | <p>Іскерлігі мен дағдылары:</p> <p>1. Қан тамырларының аурулары кезіндегі сирек кездесетін және бәсекелесуші патологиялық жағдайларды консервативті емдеу дағдылары.</p> <p>2. Қан тамырларының аурулары кезіндегі сирек кездесетін және бәсекелесуші патологиялық жағдайларды емдеу үшін инвазивті манипуляция жүргізу дағдылары және мамандандырылған операцияларды орындау техникасы.</p> <p>Білімі:</p> <p>1. Қан тамырларының аурулары кезіндегі сирек кездесетін және бәсекелесуші патологиялық жағдайларды емдеу.</p> <p>2. Инвазивті манипуляцияларды өткізуді регламенттейтін стандарттар, НҚА және басқа құжаттар.</p> <p>3. Соңғы бес жылда ангиохирурттар қауымдастығымен танылған қан тамырларының аурулары кезіндегі сирек кездесетін және бәсекелесуші патологиялық жағдайларды</p> |

| | |
|--|---|
| | емдеуге қатысты заманауи зерттеулердің негізгі нәтижелері. |
| «Ангиохирург дәрігер (рентгендік хирургия, интервенциялық хирург) (ересектер, балалар)» кәсібінің карточкасы | |
| Код | 2221 |
| Кәсібі | «Ангиохирург дәрігер (рентгендік хирургия, интервенциялық хирург) (ересектер, балалар)» |
| СБШ бойынша біліктілік деңгейі | 7.3.А |
| БА бойынша біліктілік деңгейі | - |
| Кәсіптік білім деңгейі | Соңғы 5 жылда «Ангиохирургия (рентгендік хирургия, интервенциялық хирургия) (ересектер, балалар)» мамандығы бойынша кемінде 216 сағат көлемінде біліктілігін арттыру. Практика 5 жылдан астам болмаған кезде «Ангиохирургия (рентгендік хирургия, интервенциялық хирургия) (ересектер, балалар)» мамандығы бойынша қайта даярлықтан өту. Мамандығы бойынша кемінде 7.3.В деңгейінде 3 жыл жұмыс тәжірибесі, оның ішінде кемінде 2 жыл үздіксіз. |
| Еңбек функциялары | 1) «Ангиохирургия (рентгендік хирургия, интервенциялық хирургия) (ересектер, балалар)» мамандығы бойынша диагностикалық қызметтер шеңберінде жоғары мамандандырылған медициналық көмек көрсету. 2) «Ангиохирургия (рентгендік хирургия, интервенциялық хирургия) (ересектер, балалар)» мамандығы бойынша емдеу іс-шаралары шеңберінде жоғары мамандандырылған медициналық көмек көрсету |
| 1 еңбек функциясы «Ангиохирургия (рентгендік хирургия, интервенциялық хирургия) (ересектер, балалар)» мамандығы бойынша диагностикалық қызметтер шеңберінде жоғары мамандандырылған медициналық көмек көрсету | Іскерлігі мен дағдылары: 1. Жүргізілетін іс-шараларды түзетумен жоғары мамандандырылған медициналық көмектің шеңберінде диагностикалық емшаралардың алдында, кезінде және одан кейін пациентті тексеріп-қарау дағдылары. 2. «Ангиохирургия (рентгендік хирургия, интервенциялық хирургия) (ересектер, балалар)» мамандығы бойынша жоғары мамандандырылған медициналық көмек шеңберінде диагностикалық іс-шараларды жүргізу дағдылары. 3. «Ангиохирургия (рентгендік хирургия, интервенциялық хирургия) (ересектер, балалар)» мамандығы бойынша жоғары мамандандырылған медициналық көмек шеңберінде диагностикадан өткен пациенттерде байқалған проблемаларды шеше білу іскерлігі. 4. Медициналық құжаттаманы, соның ішінде электронды құжаттаманы, интервенциялық диагностиканы ресімдеу, Науқастар тіркелімін толтыра білу дағдылары. 5. Жылдық есептілікті құру дағдылары. Білімі: 1. «Ангиохирургия (рентгендік хирургия, интервенциялық хирургия) (ересектер, балалар)» мамандығы бойынша жоғары мамандандырылған медициналық көмек шеңберінде диагностикалық емшараларға көрсетілімдер және қарсы көрсетілімдер. 2. Ангиохирургиядағы диагностикалық емшаралардың |

| | |
|--|---|
| | <p>физиологиялық принциптері.</p> <p>3. Ангиохирургиядағы диагностикалық емшаралар жүргізу әдістері.</p> <p>4. Ангиохирургиядағы диагностикалық емшаралар үшін медициналық аспаптар мен керек-жарақтардың жұмыс істеу принциптері.</p> |
